



Елеусізов Ысқақ

1930 жылы мамардың бірі Төсағаш ауылдық советінде туды. 1937 жылы «Зор-октябрь» жеті жылдық мектебінде 1-сынып оқушысы болып қабылданып, 1948-1949 оқу жылында «Қызыл әскер» орта мектебінен он жылдық білім алып шықты. 1949-1950 оқу жылы «Зор-октябрь» мектебінде математика пәнінің мұғалімі. 1950-1951 оқу жылы Семейдің оқытушылар дайындайтын педагогикалық оқуын аяқтады. 1952-1957 оқу жылы «Зор-октябрь» мектебінде директор. 1957-1958 оқу жылында «Жаңа таң» мектебінде мұғалім болып қызмет атқарды. 1957-1962 жылдар аралығында Семей педагогикалық институтында сырттай оқыды. 1958 – 1990 жылдар аралығында Шарбақты орта мектебінде математика пәні мұғалімі. 1990 жылдан құрметті зейнеткер. «Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері» значогімен, «За доблестный труд» медалімен, СССР жоғарғы советінің «Еңбек ардагері» медалімен, СССР жоғарғы советінің «За трудовое отличие» медалімен, Қазақстан республикасының «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы жеңіске 60 жыл» медалімен, және көптеген мақтау грамоталарымен марпатталған. 2014 жылдың 14 маусымында дүниеден өтті.